

Курмантаева У.К., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шет тілдер факультеті, КА-43 тобы
(*Ғылыми жетекші – аға оқытушы Ысқақнаби А.*)

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Фразеологизмдер барлық тілге тән құбылыс. Тіл көркемдігі, тіл байлығы, тіл өткірлігі дегеніңіздің айрықша көрінері осы фразеологизмдерде. Ойды көсемдеп жеткізуге уйретудің мектебі және қалыптасқан дүниетаным, ұлт ерекшелігінен хабардар ету осы фразеологизмдерге тән құбылыс. Халықтың күн-көрісі, тұрмыстық, мазмұнды белгілері жинақталған фразеологизмдердің тұлғасын түсініп, талдау арқылы ұлттық дүниетаным, әртүрлі құбылыстарды қабылдаудағы көркемдік ақыл, ой деңгейін байқауға болады.

Қазіргі тіл білімінде фразеологизм деген ұғым кең мағынада қолданылады. 1990 жылы шыққан «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» фразеологизмдерге мынандай анықтама берілген: «фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер» [1.559]. Осы анықтамаға сәйкес фразеологизмдерге кең мағынада тілдегі мағына бірлігін сақтаған тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрлері де жатады. Олар тұрақты сөз тіркестерінің түрлері мен сөйлемшелер, коммуникативтік тұрақты қолданыстағы әртүрлі бірліктер, қос сөздер мен қосарлы тіркестер, ресми іс-құжаттардағы даяр сөз орамдары т.б. түрінде болуы мүмкін.

Фразеологизм туралы көптеген еңбектерді қарастыра отырып, фразеологизмдердің үш негізгі белгісі бар екендігіне көз жеткізуге болады. Олар: құрылым тұрақтылығы, мағына тұтастығы, қолданылу тиянақтылығы. Айтылған белгілердің қатарында фразеологизм бейнелілігі айтып көрсетілмеген, дегенмен бұл да фразеологизмнің бір белгісі екендігін айтып көрсеткеніміз жөн болар. Себебі бейнелілік те басқа белгілер сияқты ерекше рөл атқарады. Фразеологизм тұтастығы жай ғана қарапайым тұтастық емес, бейнелі, астарлы, мәнерлі тұтастық.

Қай ұлттың болмасын сөздік қорында бір мағынаны білдіретін жеке сөздерден өзге, бір-бірімен қосылып, не жалғасып келіп, тұтас бір ұғымда қолданылатын сөз тіркестері болады. Яғни, бір сөзбен айтқанда, ол- фразеологизмдер. Әр ұлт тілі өзіндік сөздік қорымен ғана ерекшелене қоймай, өз бойында ұлт мәдениетін, тәрбиесін, тарихын қамтиды. Сондықтан да қай ұлт болмасын ұлттың тілін үйрену үшін, мәдениеті мен тарихын да жетік білу қажет. Фразеологизмдер соған мысал бола алады. Себебі фразеологизмдер қанша жылдан бері тарих пен мәдениет арқасында пайда болған ғылымдардың бірі. Қытай тіліне де, қазақ тілі сияқты фразеологиялық қордың бай болуы өте маңызды. Қытай тілінің фразеологизмдері – ұлттық компонентті білдіруші, құраушы, өткеннің мұрасы. Қытай фразеологизмдерінде байқайтын болсақ, нефрит, айдаһар, халыққа әйгілі қаһармандар атаулары көп қолданылады. Әрине, нейтралды фразеологизмдер де бар, дегенменде аталған айдаһар, нефрит сияқты атаулар осы ұлттың мәдениетімен де, тарихымен де өте тығыз байланысты. Қытай тілінде фразеология жеке ғылым ретінде бөлінбейді, оны лексикология құрамында қарастырады, сондықтан олар сөздіктерге сөздермен қатар енгізіледі, бұл оларды іздеуді жеңілдетеді. Фразеологияның зерттеу нысаны фразеологиялық құрылымдар, яғни тілде қалай қалыптасса, біздің жадымызда қалай сақталса, солай айтылатын тұрақты сөз тіркестері.

Қазіргі қытай фразеологиясында жалпы фразеологизмдер 熟語 терминімен аталады. Атақты қытай лингвисті Ма Гофань фразеологизмдердің бес негізгі түрін бөліп көрсетеді: чэньюй (成語) – идиома; яньюй (諺語) – мақал; сехоуяй (歇后語) – астарлы сөздер; гуаньюньюй (慣用語) – фразеологиялық тіркес; суюй (俗語) – мәтел. Фразеологиядан жазылған соңғы еңбектерде мақал мен мәтелді ортақ яньюй (諺語) терминімен атайды.

Қытай фразеологизмдерінде бірқатар стилистикалық әдістер қолданылады және оларға өзіндік құрылымдық-семантикалық, құрылымдық-грамматикалық ерекшеліктер тән. Бұл ерекшеліктер олардың шығу тегіне, күнделікті өмірде қолданылуына байланысты сан алуан болып келеді. Олардың әрқайсысына жеке тоқталу қажет.

Қытай тіліндегі қызықты ерекшеліктердің бірі – чэньюй идиомаларының болуы. 成語 аударғанда «дайын өрнек» дегенді білдіреді. Ол сөйлеу барысында жасалмайды, даяр күйінде қайталап айтылады, мағынасы тұтас, құрылымы тұрақты, образдылыққа ие. Құрылымдық-семантикалық тұрғыдан чэньюйлер идиома болып табылады. Қытай тілінде олардың саны өте көп болғандықтан, нақты санды айту қиын. Арнайы сөздіктерде 3000-нан астам түрі енгізілген.

Қытай тілінде бұл идиомалар көп жағдайда тұрақты төрт иероглифтен құралып, тұтас бір аталы ойды білдіреді және қалыптасқан төрт иероглифтің орнын ауыстыра алмаймыз. Өйткені оның мағынасы мүлдем түсініксіз, ойымызға қарсы ұғымның да қалыптасуы әбден мүмкін. Әрбір қытай идиомаларының өз тарихи аңызы бар, және де бұл қазақ фразеологизмдерінен ерекшеленетін ерекшеліктің бірі. Кез - келген идиоманың тарихының тереңде жатқандығына дәлел ретінде оның аңыздағы қолданысын, не болмаса тарих беттерінде жазылып қалған жылнамалардан және романдардан, өлең-жырлардан тауып кезіктіруге болады. Мысалы, «画蛇添足» деген төрт иероглифтен тұратын идиоманы мысалға алатын болсақ, бұл қазақ тілінде сөзбе-сөз «жыланға аяқ салу» - деп аударылады. Бұл идиоманың аңызы былай қалыптасқан: бір күні барлық достар бірге жиналып, демалып, шарап ішіп отырған еді. Олар кешті көңілді өткізу үшін, өз арасында бір-бірімен жарыс ұйымдастырды. Жарыс шарты бойынша кімде-кім тез уақыт аралығында бірінші болып жылан салып үлгерсе, сол мына шөлмектегі шараптың барлығын өзі ішеді деген екен. Жарыс басталып, жиналған қауымның арасынан бір адам бірінші болып жыланды салып болады, бірақ, басқалардың әлі де жыланды салып жатқандықтарын көріп, әлі уақыт бар, үлгеремін деп ойлап, жыланға аяқ салмақшы болады, аяқ салып әлек болып жатқанда кезде, басқа адам жыланды салып үлгереді. Нәтижесінде сол адам шөлмектегі шарапты ішеді де, жыланға аяқ салмақшы болып әлек болған адам құр қалады. Бұл идиоманың мағынасы: жақсы жасаймын деп асыртып жіберу, асырып жасаймын деп, кесірін тигізу. Қазақ тілінде сөзбе-сөз мақалмен айтар болсақ, «артық қылам деп, тыртық қылу»-деген мағынаға ие [2,423].

Осылайша, жоғарыда атап өткеніміздей чэньюйлердің көпшілігінің шыққан тегінің қайнар көзі қытай классикалық әдебиеті, яғни философиялық өсиет әңгімелер, аңыздар, мақалдар жатқызады.

Оның тағы бір дәлелі Жанго дәуірінің (453-221ж. б.д.д.) жазба ескерткішіндегі 图穷匕见 tu qiong bi xian «карта ашылды, қанжар анықталды» тұрақты сөз тіркесі. Осы аталған тұрақты сөз тіркесі Сыма Цяннің «Соғысушы патшалықтар жоспары» (战国策) және «Тарихи жазбалар»(史记) еңбегінен алынған.

«Соғысушы патшалықтар жоспары» деген еңбегінде атақты дипломат Цзин Кэ Янь бектігінің билеушісінің әмірімен б.д.д. 227 жылы көп ұзамай Қытайдың ең бірінші императоры болған Шинь бектігінің билеушісі Шинь Шыхуаңға қастандық жасайды.

Цзин Кэ елші ретінде шекара мәселесі бойынша туындаған шиеленісті шешу үшін өзімен ішіне қанжар салынған карта алып Шинь бектігінің билеушісіне барады. Шинь бектігінің билеушісі картаны ашып, қанжарды көріп қалады. Цзин Кэнің қанжармен өлтірмекші болған жоспары сәтсіз аяқталып, ол өзі дарға асылып өлтіріледі.

Кейін Сыма Шянь «Тарихи жазбалар» атты еңбегінде «秦王发图图穷而匕» - «Цинь билеуші картаны ашқан кезде қанжарды көрді» - деген сөз орамын жазып кеткен. Осы сөз орамы төрт сөзге дейін қысқарып, тілде чэньюй ретінде қалыптасты. Чэньюйдің ауыспалы мағынасы – «құпия жоспар ашылды; жасыру мүмкін емес».

Кей жағдайларда чэньюйлердің қалыптасуының қайнар көзі мақалдар да бола алады. Мысалы: 本性难移 ben xing nan yi «өз мінезінді өзгерту қиын». Бұл чэньюй 江山易改本性难移 jiang shan yi gai, ben xing nan yi «Сүтпен келген сүйекпен кетеді» мақалының қысқартылған түрі.

Қытай қоғамында қара халықтың арасында пайда болып, ауызекі тарап отырған тұрақты сөз тіркесін 俗语 «суюй» терминімен белгілейді, яғни сөзбе-сөз, қарапайым сөз. Кең мағынадағы яньюй терминіне халық арасында тараған, қарапайым ауызекі тілдегі, құрылымының тұрақтылығымен және ықшамдылығымен сипатталатын халықтық сөздердің барлық түрлері жатады. Ал, шектелген яньюй түсінігіне тек мақал-мәтел кіреді. Сондықтан сөзімізге дәлел болу тұрғысында 八字还差一撇 bāzì hái chā yī piē деген тіркеске тоқталайық. Бұл сөйлемді қазақшаға аударсақ, істеу керек бір шаруаны әлі бастамағанды білдіреді. Қазақтар кейде, «мұртында шалған жоқ» - деп жатады. Мақалдың өзі анық аңғартып тұрғанындай, сегіз деп тұрған йероглифтің бір сызығы да әлі жазылмады дегенді білдіртеді[3].

Әйгілі ойшыл КуңЗының «Луньюй» еңбегінен алынған мынандай мақал бар: 三人必有我师 san ren bi you wo shi «Басқалардан әрқашан үйренетін нәрсе бар» (Бірге кетіп бара жатқан үш адамның ішінде, менің ұстазым бола алатыны бар).

Қазіргі қытай тілінде мақал-мәтелдермен қатар халықтық сөздердің ерекше түрі астарлы сөз - 歇后语 xièhòuyǔ де кең тараған. «Сехоуюй» термині «үзіліс жасап барып сөйлеу немесе соңғы бөлігі қысқартылған сөз» дегенді білдіреді. Орыс сөздіктерінде бұл сөзді «намеқ, недосказанное выражение», ал қазақ тіліне аударған кезде, кейбір ғалымдар сехоуюйлерді бөлек мәтел деп, суюйлерді бөлек мақал деп көрсетеді. Алайда бұл тұрақты сөз тіркес түрін қазақ тіліне аударған кезде, 歇后语 xièhòuyǔ - дің мағыналық, құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілінде

«астарлы сөз, нақыл сөз» -деп атау әлдеқайда дұрыс болатын сияқты. Астарлы сөздерді орыс қытайтанушылардың ішінде ең алғаш зерттеген Михаил Григорьевич Прядохин еді. Ғалым «Китайские недоговорки - иносказания» - деген еңбегінде астарлы сөздерге семантикалық болмысы және грамматикалық құрылымы жағынан біршама толыққанды сипаттама берген [4, 5].

歇后语нің мынандай негізгі ерекшеліктері бар:

1. Қолданғанда, астарлы мағынасы сөздің артында тасалануы мүмкін. Мысалы, 围棋盘里下象棋 сөзбе-сөз аудармасы: «Дойбы тақтайында шахмат ойнау», яғни дұрыс емес жол, қате тәсіл деген мағына береді. Қазақ тіліндегі аудармасы ретінде «Дария жанынан құдық қазба» десе болады.

2. Алдыңғы-артқы бөлігі қосарланып келуі мүмкін. Мысалы, 芝麻开花 – 节节高 сөзбе-сөз аудармасы: «Күнжіт гүлдеді – тоқтамай өсіп, биіктеп бара жатыр. Мағынасы: істің сәттілікке басуы. (Қазақ тіліндегі баламасы: Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынаншығады) [5, 3].

Қытай тілінде фразеологиялық бірліктердің тағы бір түрі – дағды сөздер «гуаньюньюй 惯用语» кең тараған. 1949 жылға дейін Қытайда дағды сөздер бойынша бірде-бір арнайы зерттеу болған жоқ. Сонымен қатар «惯用语» деген термин де болған жоқ. Бұл термин тек 60 жылдарда пайда болды. Әдетте, 惯用语 - лерді 成语лерден оңай ажыратудың өзіндік бір қасиеті бар. Ол – оның үнемі үш иероглифтен құралып, қалыптасқан сөз тіркесін құрауы. 打光棍 dà guānggùn деген сөз тіркесін қарастыралық. 解释: 指单身成年男子适婚年龄后仍未结婚或婚后又失去妻子的男子。 Бұл сөз тіркесінің мағынасы «сұр бойдақ өмірлік күн кешу» дегенді білдіреді [6,424].

Уақыт өте келе сөйлеу кезінде қолданылатын, қалыптасқан, тұрақты тіркестерге айналған, халықтық белгілерге ие фразалар гуаньюньюй болған. Мысалы: 吃现成饭 chī xián chéng fàn «бүкіл дайынды қолданып өмір сүру; біреудің еңбегін пайдалану», 下软蛋 xià ruǎn dàn «жігерсіз қорқақ, жұмсақ жұмыртқа басу».

Қорыта келгенде қандай ел болмасын, қандай тіл болмасын, қандай жазушы болмасын шығармасын алсақ, түгелінде де осындай тілдік элементтер, фразеологизмдер кездеседі. Қытай тілінің фразеологизмдері лингвистикадағы күрделі, кешенді, тілге ғана емес, бүкіл мәдениетке де қатысы бар құбылыс. Осындай құбылысты талдай отырып, ұлттық-мәдени болмысты, тілдегі семантикалық өзгешелікті айқын көруге болады. Демек фразеологизмдерді зерттеу мәдениет пен тарих саласындағы да білімімізді толықтыруға көмектеседі. Сондықтан сөз нақты, дәлелді болсын десек, қолқаны қозғайтын дәрежеде болсын десек, халықтың хас туындысы — айшықты сөздер, нақыл сөздер, фразеологизмдер тобының тамырынан басу керек. Сонда ғана біз тілдің қасиеті, байлығы деген не сияқты сұрақтарға нақты жауапқайтара аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Лингвистический энциклопедический словарь – Москва, 1990
2. Мәсімхан Д., Әбиденқызы А. «Қытай филологиясына кіріспе»: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002 ж.
3. Войцехович И.В. «Практическая фразеология современного китайского языка» – Москва: АСТ: Восток-Запад, 2007
4. Н.Оралбаева, Г.Мадина, А.Әбілқайев «Қазақтілі» практикалық курсы-Алматы, 1997ж.
5. «Джунгуо да бай кэчуан шу, үйян вен цзы» (Қытайдың үлкен энциклопедиясы, тіл және жазу бөлімі). – Пекин: Қытай энциклопедиясының баспаханасы, 1998ж.
6. Прядохин М.Г. «Китайские недоговорки - иносказания»– Москва, 1977 г.

Майлыбаева Д.Д., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, исторический факультет, МИО-52, магистрант
(*Научный руководитель - д.и.н., профессор Сактаганова З.Г.*)

ИЗ ВОСПОМИНАНИЙ ДЕПОРТИРОВАННЫХ НЕМЕЦКИХ ЖЕНЩИН В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ В ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КАЗАХСТАН

В 1930-е – 1940-е годы Центральный Казахстан принял огромное количество депортированных народов, одним из таких народов стал немецкий народ, который был депортирован в Казахстан и Среднюю Азию в 1941 году. 28 августа 1941 года Президиумом Верховного Совета СССР был издан Указ об упразднении немецкой автономной области в Поволжье, 12 сентября и 8 октября 1941 года ЦК ВКП(б) и СНК СССР были приняты постановления «О расселении немцев Поволжья» и «О